

АҒЫЛШЫН ТІЛІНІҢ ҒАЛАМТОР ӘСЕРІНЕН ӨЗГЕРІСКЕ ҰШЫРАУЫНЫҢ ПРАГМАТИКАЛЫҚ АСПЕКТІСІ

Маханбетжан Әсем Нұржанқызы

assem.sunm@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ шетел филологиясы, ағылшын тілі факультетінің 1 курс магистранты. Нұр-Сұлтын, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.к. профессор м.а. Анафинова М.Л

Тіл – әлемдегі өзгерістердің айнасы. ХХІ ғасырдағы ақпараттық технологиялардың дамуы деректердің жылдам қарқында таралуына алып келді, ал бұл өз кезегінде лексиканың Ғаламтордың өзіне тән қабат(пласт) қалыптасуына әсер етті. Сөзсіз, ғаламдық желі адамдардың бір-бірімен өзара әрекеттесу тәсілін өзгертті. Ғаламдық тор әлемінде жаһандық қарым-қатынас құралы болып есептелетін ағылшын тілі ең үлкен өзгеріске ұшыраған тіл болып есептеледі.

Тіл - бұл тірі және үнемі өзгеріп тұратын жүйе, онда бәрі үздіксіз қозғалыста және дамуда, сондықтан ол мерзімді түрде өзгеріп отырады. Тіл білімінде тілдің өзгеруіне әсер ететін факторлардың екі түрі бар: лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлар. Тілдің дамуымен тікелей байланысты лингвистикалық немесе ішкі факторлар, олардың әсерінен тілдік жүйе, сөздердің семантикалық құрылымы немесе стилистикалық байланысы өзгереді. Өз кезегінде экстралингвистикалық факторлар лингвистикаға тікелей қатысы жоқ себептер болып табылады. Бұл сөйлеу қарым-қатынасы пайда болатын және оның әсерінен тілдік құралдарды таңдау және ұйымдастыру, яғни сөйлеу өзінің стилистикалық ерекшеліктерін алатын тілден тыс ақиқаттың құбылыстары. Басқаша айтқанда, бұл тіл дамуының сыртқы факторлары, оның әлеуметтік табиғаты.

Ағылшын тіліндегі өзгерістерге байланысты Дэвид Кристал тұжырымдаған жаңа ғылым «Интернет лингвистика» пайда болды. Лингвистика ғылымының бұл бөлімі күнделікті дамып келе жатқан Интернеттің әсері нәтижесінде пайда болған жаңадан пайда болған мәтіндік ағылшынша хабарламалар түрін зерттейді. Тіпті бұл құбылысқа Нетспик немесе Чатспик деген арнайы терминдер ойлап табылған [1, 24 б.].

Заманауи өзгерген электрондық ағылшын тілі кейбір ерекше белгілермен сипатталады: неологизмдердің көп пайда болуы, сөздер мен сөйлемдердің қысқартылуы, тыныс белгілерінің грамматикалық дұрыс емес қолданылуы, көрнекіліктің болмауы, анонимдіктің жоғары дәрежесі, көбінесе мәтінде эмотикондарды, тыныс белгілерін, дауыстық хабарламаларды және т.б. қолданумен толтырылатын эмоционалды компоненттің көбеюі.

Ғалымдардың пікірінше, прагматика сөйлеудегі тілдік белгілердің жұмысын қарастыратын сала ретінде 60-70 жылдары қалыптасқан. Джон Остин [2, 122-129] , Джон Серл және басқа Оксфорд мектебінің өкілдері табиғи тілді үйренуге бет бұрды, нәтижесінде лингвистикалық зерттеулердің басты бағыты коммуникация процесінде өзінің ерекшеліктері мен мақсаттары бар адам болды. Алайда олардың лингвистикадағы идеялары әлдеқайда ертерек қарастырылған болатын [3]. В. фон Гумбольдт ХІХ ғасырда тілді ойды құру мен білдірудің құралы ретінде ғана емес, сонымен бірге оқушының және тыңдаушының ой-өрісін ынталандыру, сөйлеу әрекетінің белгілі бір жүйесі мен жеке актілері ретінде түсінді, сонымен қатар коммуниканттар арасында әлем туралы жалпы білімнің болуын қажет деп санады.

Ғалымдар «прагматика» терминіне әртүрлі анықтама береді. Н. Д. Арутюнова прагматиканың басты міндеттерінің бірі ретінде белгілі бір коммуникативті контекстте пайда болатын сөйлеу туындыларына интерпретация жасау теориясын қарастырады [4, 356]. Екінші жақтан, Е. В. Падучева оны сөйлеу жағдайына, яғни сөйлеуші мен тыңдаушыға, олардың

мақсаттарына, фондық білімге қатысты деп есептейді және контекстік маңыздылығын зерттейтін теория ретінде сипаттайды [5, 221].

Қазіргі Қазақстандағы тіл білімінде де прагмалингвистика саласы үлкен қарқынмен даму үстінде. Мәселен, «Сөйлеу тілі синтаксисінің прагмалингвистикалық аспектісі» атты терең жазылған монографиясында З.Ш.Ерназаров қазақ тіл білімінің прагматика саласына қосылған үлкен үлес деуге болады [6]. Сонымен қатар, Ф.З.Жақсыбаева, Е.Б.Тяжина Д.Б.Бекзат, М.К.Мурзағалиева, Н.Е.Савчиц, С.С.Искакова, және т.б. қазақстандық лингвистикадағы бірқатар зерттеуші мамандар өз ғылыми еңбектерін прагматика мәселесінің әртүрлі қырларынан қарастыруға арнаған. «Қазақ терминдерінің прагматикалық қызметі» деген еңбегінде С.С.Искакова прагматиканы сөйлеушінің тілдік таңбаға қатынасын зерттейтін семиотиканың бір бөлімі ретінде қарастырып, прагматиканың әдіснамалық аппараты аталған зерттеудің негізгі ұстанымдарын түзету үшін пайдаланады дейді [7, 192]. Басқаша сөзбен түсіндіргенде, көркем әдебиеттің функционалдық стилінің мәтініне енгенде терминологиялық лексика өзінің терминологиялық сипатын жоғалтып, мәтінде мағыналық сипатқа ие болып қана қоймай, бүтіндей алғанда ойды білдірудің коммуникативтік мақсатына жету үшін де өз үлесін қосады деп түсіндіреді.

Лингвистика саласындағы прагматикада тілдің басты құрал қызметін тілдік таңба және коммуникант арасындағы байланысты қарастыра отырып зерттейтін тіл білімінің саласы деп З.Ерназарова есептесе [6, 34], З.К.Темиргазина лингвистикадағы прагматика – әңгімелесушілердің сөйлеу әрекетінде тілді қолдану шарттарын зерттейтін ғылым деп тұжырымдайды [8, 54].

Прагматиканың бір-бірінен ажырамас бөлігі болып табылатын, қарым-қатынас пен сөйлеу әрекеті прагматика зерттеуінде басты рөлді ойнайды. адамдардың бір-біріне тіл арқылы ықпал етуі, әрекетке итеруі прагматикалық сөйлеу әрекетінің базалық ұғымдары болып табылады. Бұл түсініктер қарым-қатынасқа түсіп жатқан коммуниканттардың мақсатынан туындайды. Яғни, сөйлеушінің мақсаты – сөйлеу әрекетін тудырады. Жалпы кез келген коммуникация саласындағы прагматика, белгілі жағдайдағы коммуниканттардың қандай мақсатпен сөйлеп тұрғанын анықтауды мақсат етеді [9, 57].

Джордж Уль прагматиканы көрінбейтін мағынаны зерттеу деп қарастырады [10]. Яғни, нақты айтылмаған, жазылмаған дүниені түсіне білу. Басқаша айтқанда, сөйлеуші әңгімелесу кезінде көптеген жалпы болжамдар мен гипотезаларға сүйене білуі керек.

Прагматика тіл құбылыстарын адам әрекеті аспектісінде қарастырады [11, 59]. Прагматиканы тұжырым неден тұратыны емес, ол нені білдіретіні, коммуникативті жағдай, сонымен бірге өзара түсіністік пен коммуникативті мақсаттарға қол жеткізілді ме жоқ па және сөйлеу қарым-қатынасы қандай ниетпен жүзеге асырылатындығы қызықтырады.

Жоғарыда айтқанымыздай, прагматика-бұл әртүрлі жағдайларда тілді әртүрлі жолмен қолданатынымыз. Мысалы, адам әртүрлі тілдік бірліктерді және әртүрлі жағдайларда қарым-қатынастың әртүрлі тәсілдерін қолдануы мүмкін. Төменде біз әртүрлі жағдайлардың әсерінен адамдардың Бүкіләлемдік ғаламтордағы тілдік бірліктердің мағынасын қалай өзгерткенін талдаймыз.

Соңғы бірнеше онжылдықта адамдар кез-келген оқиғаларды жазып, оларды Ғаламторда өзара таратуға мүмкіндігі бар, белсенді желі қолданушылары әртүрлі жағдайларды сипаттайтын жаңа терминдерді "ойлап табуға" үлкен қарқында кірісуде.

Сурет 1

Ғаламтордың пайда болуымен сөз мағынасының өзгеруі



Ең жарқын мысалдардың бірі “Karen”. Ғаламтордың пайда болуының алдында Karen жай ғана әйел есімі болса, қазіргі күнде, Ғаламтор әсерінен өзгеріске ұшыраған ағылшын тілінде Karen жағымсыз, зұлым, өктемшіл адамдарға қолданылатын мазақ атау. Karen деген кім және неге кейбір адамдар "Карен" деп аталады, төменде келтірілген мысалдар мен талдауларға сәйкес бәрін қарастырамыз.

“Do you know who I am??”, “I need to talk to your manager!”, “Do you know how much money I spend here every month??”.

Жоғарыда келтірілген мысалдарға сәйкес, әдетте, Карен: менмендікпен әрекет ететін, өздерін басқалардан "жоғары" деп санайтын және қызмет көрсету қызметкерлерін кемсітетін адамдар екенін көруге болады.

Мысал 1: К: “I am going to call the cops. You are making me uncomfortable with your presence. I’ll sue you”

А: “Calm down, Karen”

Мысал 2: Kids: We’ll just blur your face out, Karen


Karen: They said they’re gonna blow my face off.

Жоғарыда келтірілген мысалдарды талдай отырып, Кареннің сипаттамасы әдетте қоғамның проблемалық өкілі үшін қолданылады деп болжауға болады, ол қоғамдық орындарда жанжал шығаруды жақсы көреді.

Ұзақ талдаудан кейін біз заманауи электрондық ағылшын тілінде Кареннің ең көрнекті өкілдері-орта жастағы, надан, өзімшіл, көбінесе нәсілшіл әйелдер, және олар өздерінің "артықшылықтарын" адамдарды басқаруға және өздері қалағандай әрекет жасауын мәжбүрлеуге пайдаланады деген қорытындыға келдік. Бұл құбылыстың номинативтік сипатына қарайтын болсақ, «Карен» адам атауынан-адамның ортадағы «мәртебесіне» айналады [12, 138 б.]. Яғни, белгілі адамды бір ортада қалай қабылдаса, солай атауы. Urban Dictionary “Karen” адамға көрініс ретінде мынандай мысал берген : “Karen refuses to wear a face mask for her 5 minute trip to the supermarket during a pandemic. She harasses the workers, asks to see the manager and threatens to sue” [13].

Сурет 2

Ғаламтордың пайда болуымен сөз мағынасының өзгеруі



Сөзсіз, қазіргі ағылшын тіліндегі бәріне таныс "tea"(шәй) (сусынның бір түрі) – "gossip"(өсек) мағынасына өзгеретінін ешкім елестете алмады. Егер сіз кенеттен "to spill the tea " (шай төгу) деген сөзді кездестірсеңіз, онда фразаны сөзбе-сөз қабылдауға асықпаңыз, сірә, өрнек адамның біреуге құпия ақпаратты ашқанын немесе өсек айтқанын білдіреді.

“I’m gonna spill the tea now”, “Spill the tea sis”, “Are you, guys, ready to sip the hot tea??”.


Жоғарыда көрсетілгендей, өсекті тіптен айтуға және тыңдауға арналған терминдер де бар. "spill the tea" деп спикер өсекті айтуды, ал "sip the tea " өсек тыңдауды білдіреді.

“Kinda weak tea”, “Pretty juicy tea”.

Жоғарыда келтірілген мысалдарға сүйене отырып, спикер өсектерді нәзіктік пен тартымдылық деңгейінде сипаттай алады, қызықсыз немесе шындыққа сәйкес келмейтін қауесеттерді "weak" деп сипаттайды, ал қызықты сөздер "juicy" деп аталады. Жиналған ақпараттарға сүйене отырып, Ғаламтор саласындағы жаргондық сипатта сөздердің мағынасы жылдам қарқында, әрі нық түрде өзгеріп жатыр деп есептеуге болады. Қазақ тілінде “tea” сөзіне альтернатива ретінде “сасық әңгіме” қарастыруға болатын болса, “құлақ” сөзін өсек таратушы адмдарға қолданады.

Сурет 3

Ғаламтордың пайда болуымен сөз мағынасының өзгеруі



“Catfish” термині сөздіктерге 1612 жылдан бастап ене бастаған. Мұрты бар балық көргенсіз бе? Олар мысық балық деп аталады. Бірақ, Ғаламдық желіде “catfish” сөзін жаңа баламада кездестіруге болады.

-I'm pretty sure she is a catfish

-How do you know that?


-It was clear that someone was putting on a fake woman's voice when we were talking last night.

“I cannot believe that I was catfished yesterday”.

Oxford сөздігі “catfish” концептісін “a person who pretends to be somebody else on social media in order to trick somebody into having a relationship online” деп анықтайды [14]. Яғни, жоғарыда көрсетілген мысалдар бойынша, «catfishing» немесе «catfish» өзін басқа адам етіп көрсетуді айтады. Сонымен қатар, Ғаламторда қабылданған бұл өрнек зат есім ретінде де, етістік ретінде де қолданыла алады.

Сурет 4

Ғаламтордың пайда болуымен сөз мағынасының өзгеруі



“You can always save all your media in the Cloud”, “iCloud backup of your documents, contacts, and device data is suspended”.

Қазір «Cloud» - бұл аспандағы бұлт қана емес, сонымен қатар «cloud storage of data» (деректер қоймасы). Ғаламторда «cloud» сөзі түпнұсқаға қарағанда, жаңа мағынада жиірек кездеседі. Сонымен қатар, өрнекті зерттегеннен кейін, Google іздеу нәтижелерінің алғашқы 100 сілтемесінде «cloud» сұранысы бойынша бұлттармен байланысты бірде-бір сілтеме жоқ екендігі анықталды.

Сурет 5

Ғаламтордың пайда болуымен сөз мағынасының өзгеруі



“If you want you can tweet something someone else said or wrote”, “Every time I receive a notification of his tweet I experience a little dopamine spritz”.

Merriam – Webster сөздігі бойынша “tweet” сөзі 1768 жылы енген. Электрондық құрылғылардың пайда болуына дейін «tweet», яғни шырылдай алатын тіршілік иесі тек құстар болса, заманауи әлемде «шырылдау» арқылы адамдар Твиттер желісіне қысқаша хабарласама, бейнелер немесе ақпарат жібере де алатын болды. Cambridge сөздігі “tweet” сөзіне “to publish a short remark or piece of information on Twitter” деген дефиниция берген [15]. Яғни, Twitter желісінде фото, видео немесе тағы да басқа ақпаратты жариялау.

Әлемдік желіде жоғарыда келтірілген мысалдар секілді «Friend»: жақын адамнан электронды жазылушыға айналған, «Profile»: ғылыми саладағы белгілі заттың эскизінен, ғаламтордағы онлайн парақшаға айналған секілді «жаңа өрнектер» өте көп.

Қазіргі уақытта Ғаламтор адамзат бұрын-соңды білмеген білімнің ең үлкен көзі екенін жоққа шығару қиын. Үлкен және кіші қашықтықтағы пайдаланушылар арасындағы байланыстың сенімділігі, жылдамдығы және қол жетімділігі сияқты мүмкіндіктер Ғаламтор желісін таным құралы ретінде ғана емес, сонымен қатар байланыс құралы ретінде де пайдалануға мүмкіндік береді. Қазіргі заманғы лингва франка ретінде ағылшын тілі кез-келген басқа тілге қарағанда өзара әрекеттесуге бейім, сондықтан оның әр аспектісіне Ғаламтор желісінің қолданысы әсер етіп, көптеген өзгерістер пайда болуда.

Сонымен, жаңа сөздерді ойлап табудағы және қолданыстағы сөздердің жаңа мағыналарын ойлап табудағы Ғаламтор қолданушыларының ерекше шығармашылық белсенділігінің нәтижесінде Ғаламторлық әсерге ұшыраған ағылшын тілінің сөздік құрамы ғана емес, лингва-франктың грамматикасы мен жалпы құрылымының өзгеруіне әкелетін тиісті лексикалық бірліктердің пайда болуын көріп отырмыз. Және де жоғарыда келтірілген мысалдардан прагматикалық тұрғыдан сөздердің өзгеріске ұшырауы жаһандық деңгейде сипат алатынын көруге болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Дэвид Кристал. Language and the Internet. – Cambridge University Press, 2006. – 24 б.
2. Остин Дж. Как совершать действия при помощи слов. 1975. 122-129 б.
3. Серл Джон. Речевые Акты. 1969
4. Арутюнова Н.Д. Фактор адресата // Известия АН СССР. Серия литературы и языка. – 1981 - №4 – 356 б.
5. Подучева Е.В. Семантические исследования. Семантика времени и вида. Семантика нарратива. – «Языки русской культуры». 1996- 221 б.
6. З.Ш.Ерназарова. Сөйлеу тілі синтаксисінің прагмалингвистикалық аспектісі. 2001. - 193 б.
7. С.С.Искакова. Қазақ терминтаңымының когнитивтік-прагматикалық аспектісі.– 2008. - 354б.
8. Темиргазина З.К. Оценочные высказывания в русском языке. – 1992. -270 б.
9. Е.Б.Тяжина. Прагматический аспект междометий (на материале казахского и французского языков). –Алматы, 2006. -150 б.
10. Джордж Уль. Прагматика. – 1996.
11. Шаикова Г.К. Лингвистическая прагматика: учебн-методическое пособие для студентов филологических специальностей. – 2007. – 59 б.
12. Н.И. Хохлова. Classification of nominative binomials. А.И.Герцен атындағы РГПУ Хабаршысы – 2009. – 138 б.
13. URL: <https://www.urbandictionary.com/define.php?term=Karen>
14. URL: https://www.oxfordlearnersdictionaries.com/definition/english/catfish_1?q=catfish
15. URL: <https://dictionary.cambridge.org/ru/словарь/английский/tweet>

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫШЛЫН МАҚАЛДАРЫНДАҒЫ «БАҚЫТ» КОНЦЕПТІСІ

Темірбай А.Х.

Магистрант 1 курса ЕНУ им.Л.Н.Гумилева,
Ғылыми жетекшісі Н.З. Жуманбекова